1. Vershinin V.A. Economic and biological features and meat qualities of Kazakh white-headed bulls of different genotypes. Abstract of the dissertation of the academic degree of Candidate of Agricultural Sciences / V.A. Vershinin. – Volgograd, 2001. – 25 s.(rus).

2. Isentaev D.A. Meat productivity of Hereford bulls of different intrabreed types. Abstract of the dissertation of the academic degree of Candidate of Agricultural Sciences // D.A. Isentaev, All-Russian Scient.Research Inst.of Metr.Service. – Orenburg, 2002. – 25 p. (rus).

3. Isentaev D.A. Studying the development of meat production of animals of the Hereford breed // Scientific and practical aspects of increasing agricultural production // Materials of the All-Russian Scientific and practical conference. – Orenburg, All-Russian Scient.Research Inst.of Metr.Service – 2004. – P. 57. (rus).

4. Skollan N., Hockett J.-F., Nuremberg K., Dannenberger D., Richardson I., Moloney A. Innovations in beef production systems that increase the nutritional and health value of beef lipids and their relationship to meat quality Meat Science , 74 (1) (2006) , pp. 17-33.

5. Problems of livestock sector development in Kazakhstan (Issues in the Development of the Livestock Sector in Kazakhstan) S.Tazhibaev, K.Musabekov, A.Yesbolova, S.Ibraimova, A.Mergenbayeva, Zh.Sabdenova, M.Seidahmetov. Procedia – Soc. and Behav.Sciences 143 (2014), Pp. 610-614.

6. Nurgazy K., Iskakova Z. Gabit G. Selection and Genetic Aspects of Beef Cattle Breed Improvement in Southeast Regions of Kazakhstan. International Journal of advanced biotechnology and research 8, pp. 705-719 (2017).

7. Razook A.G., Figueiredo L.A., Nardon R.F., Goncalves J.N.S., Ruggieri A.C. Efeitos de raca e da selecao para peso pos-desmame sobre caracteristicas de confinamento e de carcaca da 15ª progenie dos rebanhos Zebu e Caracu de Sertaozinho (SR) Rev. Bras. Zootec., 30 (2001), pp. 115-124.

8. Hickson R.E., Kenyon P.R., Morris S.T. Breed effects and heterosis for productivity traits at first calving of Angus, Holstein Friesian, Jersey and crossbred beef cows Animal Production Science, 54 (2014), pp. 1381-1387

9. Field T.G. Beef Production and management solutions Pearson Education Inc., Upper Saddle River (2007).

10. Caetanoa S.L., Savegnagoa R.P., Boligona A.A., Ramosa S.B., Chuda T.C., Lôbob R.B., Muna D.P. Livestock Science Journal July 2013, Pages 2.

11. Pritchard T.C., Wall E., Coffey M.P. Genetic parameters for carcase measurements and age at slaughter in commercial cattle. The international journal of animal biosciences. Animal 15 (2021) 100090. pp 1-7.

12. Khayatzadeh N., Meszaros G., Utsunomiya Y., Schmitz-Hsu F., Seefried F., Schnyder U., Ferencakovic M., Garcia J.F., Curik I. and Solkner J. Genome – wide mapping of the dominance effects based on breed ancestry for semen traits in admixed Swiss Fleckvieh bulls. Amerikan Dairy Association, journal of Science Volume 102 N. 12, 2019, Pages 11217-11224.

13. Gutkin S.S. Evaluation of bioconversion of protein and feed energy into food protein and energy of meat products in young cattle/S.S. Gutkin, V.G. Volodina, F.H. Sirazetdinov //Agricultural biology. – 2002 No. 6. – Pp. 119-124.

14. Rykov A.I. Scientific and practical aspects of improving the productive qualities of young cattle in beef cattle breeding in Western Siberia: abstract of the dissertation of the Doctor of agricultural Sciences / A.I. Rykov. – Siberian Research and Design-Tech. Institute of Animal Husbandry of the Siberian Federal Sci.Cent. of Agrobiotech. of the Rus.Acad.of Sci. – Novosibirsk, 2003. – 52 p.

15. Bekenev V.A. The necessity of selective transformation of animal husbandry / V.A. Bekenev // Zootechnia. – 2008. – No.4. – Pp. 3-7.

16. Dedov M.D. Breeding work in cattle breeding in modern conditions / M.D. Dedov, N.V. Sivkin // Zootechnia. – 2002. – No.11. – P. 2.

17. Bagriy B. A. Production of high-quality beef / B.A. Bagriy // Zootechniya. – 2001. – No.2. – Pp. 23-26.

18. Bashirov V.D. The influence of the technology of keeping young Simmental breed on its quality indicators of meat / V.D. Bashirov // Materials of Sci. and pract.conf. – Vol. 56: – M. Publishing house "Bulletin of the Rus.Academy of Agri.sciences". – 2003. – Pp. 165-168.

19. Vorobyova S.V. Influence of the quality of protein and fiber of feed on digestion in bulls /S.V. Vorobyova, V.A. Devyatkin, V. Shabanov // Zootechniya. – 2001. – No. 12. – Pp. 9-11.

20. Miroshnikov S.A. Assessment of the balance of feeding according to the coefficient of conformity / S.A. Miroshnikov // Zootechniya. – 2001. – No. 6. – Pp. 18-20.

21. Stepanovsky A.S. Productive qualities of young cattle depending on the types of feeding // Problems of animal science. – Orenburg, 2003 – Pp. 149-153.

22. Ragimov G.I. Growth and development of Hereford bulls depending on different types of feeding/G.I. Ragimov // Socio-econ., polit. and econ.problems in agri. in Russia and the CIS countries: History and modernity. Mat.of the int.symposium. – Orenburg, 2004. – Pp. 230-235.

23. Sidorovich M. Influence, technologies on the adaptation of calves in the prophylactic period /M. Sidorovich // Dairy and meat cattle breeding. – 2003. – No. 5 – From 12-14.

24. Prokhorenko, P.N. Methods of creating highly productive dairy herds /P.N. Prokhorenko // Zootechnia. – 2001. – No. 11. – Pp. 2-6.

25. Levakhin V.I. The influence of various factors of meat cattle breeding technology on the safety, productivity and reproduction of animals / V.I. Levakhin // Beef cattle breeding and prospects for its development. – Collection of scientific works of the All-Rus.Sci. Res. Ins. of Metr.Service – 2000. – Pp. 172-177.

26. Izhboldina S.N. Beef production technology in dairy cattle breeding of the Udmurt Republic /S.N. Izhboldina // Vestn. myasn: cattle breeding. – Materials of the Scientific and practical conference – Ross Academy of Agricultural Sciences, All-Russian Res. Inst.of Metr. Service. – M., 2003. – No. 56. – Pp. 96-101.

27. Yusupov R.S. Scientific and practical justification of the rational use of the productive potential of cattle, taking into account the bioconversion of nutrients in the system "Soil-Plant- Animal": Abstract of the dissert.of the Doctor of agri.sciences / R.S. Yusupov. – Orenburg: Agro University, Orenburg, 2004. – 45 s.

ҒТАМР 34.33.33 https://doi.org/10.26577/eb.2022.v93.i4.011

Г.К. Сатыбалдиева[1], С.Е. Шарахметов[2]*, Н.С. Сапаргалиева[2], Б.І. Барбол[2], Г.А. Аубакирова[1], А.О. Жанабергенов[1], К.К. Шупшибаев[1], А.Ш. Утарбаева[1], Ж.Б. Бекпергенова[1]

[1]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Астана қ.
[2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: sharakhmetov@gmail.com

МАЙБАЛЫҚ КӨЛІНІҢ КӘСІПТІК ИХТИОФАУНАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ (Ақмола облысы, Қазақстан)

Еліміздің жергілікті маңызы бар суқоймаларының кәсіптік балық ресурстарын зерттеу және олардың популяцияларының құрылым ерекшеліктерін сипаттау өзекті зерттеулерге жатады. Жұмыстың мақсаты – Ақмола облысына қарасты Майбалық көлінің мысалында көлдің гидрохимиялық көрсеткіштерін, кәсіптік ихтиофаунаның қазіргі түрлік құрамын, балықтардың ұзындық-салмақтық және жастық құрылымын, сонымен қатар түрлердің көл айдынында шоғырлану ерекшеліктерін анықтау. Майбалық – жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары тізіміне енгізілген Нұра-Есіл аралығындағы тұйық көл. Зерттеулер 2021 жылдың маусым айында жүргізілді. Гидрохимиялық көрсеткіштер (оттегі, pH, нитрат, нитрит) мен кәсіптік балық популяцияларының құрылым ерекшеліктері және олардың шоғырлануы (интерполяция) жалпы қабылданған гидрохимиялық, ихтиологиялық және заманауи QGIS әдістерімен жасалды. Кәсіптік балықтардың популяцияларының құрылымын анықтау үшін 20-70 мм өлшемдегі ғылыми құрма аулар пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері бойынша 2021 жылы маусым айында Майбалық көлінде кәсіптік балықтардың 8 түрі тіркелді: торта, тыран, оңғақ, тұқы, мөңке, алабұға, таутан және шортан. Көлдегі доминантты түрлер – торта, тыран, мөңке және алабұға. Қалғандары аз кездесетін түрлер, ал шортан балығы тек әуесқой балық аулаушылардың қармақтарында 1-2 данадан кездесіп отырды. Кәсіптік балықтардың жас ерекшелігінің басым көпшілігін 2-4 аралығындағы кіші жастағы даралар құрады.

Түйін сөздер: Майбалық көлі, ихтиофауна, кәсіптік балық түрлері, жастық құрамы, популяция.

G.K. Satybaldiyeva[1], S.E. Sharakhmetov[2]*, N.S. Sapargaliyeva[2], B.I. Barbol[2]. G.A. Aubakirova[1], A.O. Zhanabergenov[1], K.K. Shupshibayev[1], A.Sh. Utarbayeva[1], Zh.B. Bekpergenova[1]

[1]S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Kazakhstan, Astana
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: sharakhmetov@gmail.com

State of the commercial ichthyofauna of Maibalyk Lake (Akmola region, Kazakhstan)

Study of resources of commercial fish of local water bodies and description of peculiarities of their population structure is an actual research. The purpose of the work was to determine hydrochemical parameters, modern species composition of commercial ichthyofauna, size and weight and age structure of fish, as well as the features of the distribution of fish species in the water area of the reservoir on the example of Lake Maibalyk. The drainless lake Maibalyk is located between the rivers Nura and Ishim, and is included in the list of fishery reservoirs of local importance of Akmola region. The research was conducted in June 2021. Hydrochemical indicators (oxygen, pH, nitrate, nitrite) and population structure of commercial fish and their distribution (interpolation) were studied by conventional hydrochemical, ichthyological and modern methods as QGIS.To determine the population structure, we used a scientific net of mesh size 20-70 mm. According to the results 8 commercial fish species were recorded in Lake Maibalyk: roach, bream, tench, carp, crucian carp, perch, ruff and pike. The dominant species in the lake are roach, bream, crucian carp and perch. The other species are rare, and pike were only found

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

in recreational catches by fishermen. The vast majority of the age composition of commercial fish was younger, from 2 to 4 years old.

Key words: Maybalyk lake, ichthyofauna, commercial fish species, age composition, population.

Г.К. Сатыбалдиева[1], С.Е. Шарахметов[2]*, Н.С. Сапарғалиева[2],
Б.І. Барбол[2], Г.А. Аубакирова[1], А.О. Жанабергенов[1],
К.К. Шупшибаев[1], А.Ш. Утарбаева[1], Ж.Б. Бекпергенова[1]

[1]Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Казахстан, г. Астана
[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: sharakhmetov@gmail.com

Состояние промысловой ихтиофауны оз. Майбалык (Акмолинская область, Казахстан)

Изучение ресурсов промысловых рыб водоемов местного значения и описание особенностей структуры их популяций является актуальным исследованием.

Цель работы – определить гидрохимические параметры, современный видовой состав промысловой ихтиофауны, размерно-весовую и возрастную структуру рыб, а также особенности распределения видов рыб в акватории водоема на примере озера Майбалык.

Бессточное озеро Майбалык расположено между реками Нура и Ишим, включен в список рыбохозяйственных водоемов местного значения Акмолинской области. Исследования были проведены в июне 2021 года. Гидрохимические показатели (кислород, pH, нитрат, нитрит) и структура популяции промысловых рыб и их распределение (интерполяция) изучены общепринятыми гидрохимическими, ихтиологическими и современными методами, как QGIS.

Для определения структуры популяций рыб были использованы ставные научные сети размером ячеи 20-70 мм. По результатам исследований в июне 2021 года в оз. Майбалык зарегистрировано 8 видов промысловых рыб: плотва, лещ, линь, сазан (карп), карась, обыкновенный окунь, ерш и щука. Доминирующими видами в озере являются плотва, лещ, карась и окунь. Остальные виды редкие, а щука встречалась только в любительских уловах рыбаков. Подавляющее большинство возрастного состава промысловых рыб составляли особи младшего возраста – от 2 до 4 лет.

Ключевые слова: озеро Майбалык, ихтиофауна, промысловые виды рыб, возрастной состав, популяция.

Кіріспе

Қазақстанда әртүрлі типтегі ішкі суқоймалар қоры біршама көп және олардың басым көпшілігі балықтардың тіршілік етуіне және қоректік организмдер үшін қолайлы. Алайда, су ресурстарының таралуы облыс бойынша біркелкі емес [1]. Қазіргі кезде Ақмола облысы аумағында ауданы 1-210 км^2 аралығында болатын 4000 жуық көлдер тіркелген. Олардың 92,5% беткі ауданы 1 км^2 аспайды [2]. Елімізде балық өнімдерін көбейту және рационалды пайдалану үшін аймақ бойынша жергілікті маңызы бар суайдындарында көлтауарлы балық өсіру [3] және құнды балық түрлерінің сапалы отырғызу материалдарымен балықтандыру [4] сынды бірқатар ғылыми жұмыстар атқарылған. Ақмола облысы бойынша көптеген аквальды зерттеулер жүргізілсе де [5-10], урбанизацияланған территориялардағы шағын суқоймалар балықшаруашылық тұрғыда жеткіліксіз зерттелген. Осыған байланысты жергілікті маңызы бар суқоймалардың кәсіптік балық ресурстарын зерттеу және олардың популяцияларының құрылым ерекшеліктерін сипаттау өзекті тапсырмалардың бірі болып табылады.

Майбалық көлі – Нұра-Есіл аралығындағы тұйық көл. Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Астана қаласының Халықаралық әуежайынан оңтүстік-шығыс бағытқа қарай 0,8 км қашықтықта орналасқан. Көлдің географиялық орналасу координаталары 50.989375°, 71.502097°. Көл теңіз деңгейінен 350,6 м биіктікте орналасқан [11]. Көл сопақша пішінді және оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатыр. Ауданы 2581 га құрайды. Ұзындығы 8,4 км, ал ені 3,7 км. Көлдің оңтүстік-шығыс жағалауы жарлы (биіктігі 3-4 м), ал қалған жағалауы жазықты. Ең үлкен тереңдігі 3,7 м-ге жетеді, орташа тереңдігі 1,5 м құрайды. Көлдің түбі тегіс және тұнба түзілген. Майбалық көлі көктемде солтүстігіне Қарасу, ал оңтүстігіне Қызылсу жылғалары құйылу арқылы толады [11]. Шамамен көлдің жағалауы мен суайдынының 35% қамыс қаптап өскен. Су астындағы өсімдіктер тереңдігі 1,2 м-ге дейінгі барлық таяз суларды қамтиды.

Астана қаласының Ақмола облысы әкімдігінің 27.10.2017 жылғы № А-11/489 қаулысы бойынша Майбалық көлі жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары тізіміне енгізілген [12].

Зерттеу материалдары мен әдістері

2021 жылы маусым айында Майбалық көлінен (1-сурет) гидрохимиялық сынамалар мен ихтиологиялық материалдар жиналды. Кәсіптік балықтарды аулау Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының 19.05.2021 жылы №KZ38VEP00102269 берілген рұқсат қағазымен орындалды.

Көлдің абиотикалық көрсеткіштері далалық және лабораториялық жағдайда талданды. Ауланған балықтардың түрлерін идентификациялау визуальды түрде индикаторлық белгілері бойынша анықталды және анықтауыштармен [13] расталды. Түрлердің ғылыми атауы жаңартылып отыратын Эшмейер каталогы [14] мәліметтер базасымен сәйкестендірілді.



1-сурет – Майбалық көлі және алынған ихтиологиялық материалдардың орындары

Кәсіптік балықтардың популяцияларының түрлік құрамын, ұзындық-салмақтық, жастық және жыныстық т.б. көрсеткіштерін анықтау үшін әртүрлі өлшемдегі құрма аулар пайдаланылды. Көздері 20, 30, 40, 50, 60, 70 мм құрайтын, ұзындығы 25 м, биіктігі 2-3 болатын аулар 12 сағатқа құрылды, яғни кешке аулар қойылып, таңертең жиналды. Жиналған аулардағы балықтар алдымен тор көздеріне сәйкес сұрыпталып, түрлік құрамы және аулауға талдау жұмыстары жасалды [15]. Балықтарға биологиялық анализ жасау ихтиологияда қабылданған әдістер [16, 17] бойынша ауланғаннан кейін бірден, балғын күйінде жасалынды. Анализдің өлшемдеріне балықтың стандартты ұзындықтары, толық салмағы, Фультон бойынша қоңдылық индексі және жасы кірді.

Ауланған балықтар түрлерінің салыстырмалы санын сипаттау үшін В.Г. Терещенко және С.Н. Надиров (1996) есептеулері пайдаланылды. Сандық материалдарды талдау кезінде келесідей көрсеткіштер алынды: сирек кездеседі – аулаудағы үлесі <0,1%, саны аз – 0,1-1%, әдеттегі – 1-5%, орташа –5-10%, доминант – 10-50% және супердоминант – 50-100% [18].

Биологиялық анализдің мәліметтерін статистикалық өңдеу Лакин (1990) [19] әдісі бойынша орындалды. Алғашқы реттік мәліметтерді өңдеу (база құру, ұзындық-салмақтық және жастық қатынастарын тексеру, қоңдылық индекстерін есептеу т.б.) MS Excel бағдарламасымен жүзеге асырылды. Қосымша статистикалық талдау және графиктерді тұрғызу үшін Origin PRO-2018 бағдарламасы пайдаланылды [20].

Көлдің орналасу картасы мен сызбанұсқасы және сынамалардың алынған орны, сонымен қатар көлдегі кәсіптік балықтардың кеңістіктегі таралуы QGIS 3.22 бағдарламасының көмегімен орындалды [21].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Майбалық көлінің гидрохимиялық құрамы аралас катиондар бойынша сульфатты-хлоридті. Судың минерализациясы су көп жылдары әлсіз тұзды (1,0-2,4 г/л) болса, ал су аз жылдары тұзды (20-27 г/л) болып келеді [22].

2021 жылы маусым айында Майбалық көлінінің оттегі мөлшері төмен болды: көлдің беткі қабатында 3,9 мг/л болса, түбіне қарай 2,1 мг/л көрсетті. Судың мөлдірлігі 0,4 м, pH мөлшері 7,6 құрады. Нитриттер мен нитраттардың мәндері рұқсат етілген шектік концентрациядан аспады (1-кесте).

1-кесте – Майбалық көлінің гидрохимиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Мөлдірлігі, м	NO^{3-} мг/л	NO^{2-} мг/л	pH	Судағы O_2 мөлшері, мг/л:		
				Көлдің беті	Көлдің түбі	O_2 балансы
0,42	2,3	0,01	7,6	3,9	2,1	1,8

Майбалық көлінің ихтиофаунасы жөнінде жарияланған мәліметтер аз, балықтарды жерсіндіру шаралары «Рыбы Казахстана» (1992) [24] және Асылбекованың (2017) [25]. жұмыстарында келтірілсе, түрлік құрамына шолу Горюнованың (2012) [26] мақаласында қысқаша сипатталған.

Қазіргі уақытта Майбалық көлінің кәсіптік ихтиофаунасының құрамы 3 отрядтың, 3 тұқымдастарына (Cyprinidae, Percidae, Esocidae) біріктірілген 9 балықтың түрінен тұрады:

Тұқылар – *Cyprinidae*

1. Бозша мөңке – *Carassius gibelio* (Bloch 1782);
2. Алтын мөңке – *Carassius carassius* (Linnaeus 1758);
3. Оңғақ – *Tinca tinca* (Linnaeus 1758);
4. Тыран – *Abramis brama* (Linnaeus 1758);
5. Торта – *Rutilus lacustris* (Pallas 1814);
6. Сазан (Тұқы)- *Cyprinus carpio* Linnaeus 1758;

Алабұғалар – *Percidae*

7. Кәдімгі алабұға – *Perca fluviatilis* Linnaeus 1758;
8. Таутан – *Gymnocephalus cernua* (Linnaeus 1758);

Шортандар – *Esocidae*

9. Шортан – *Esox lucius* Linnaeus 1758.

2021 жылдың жаз кезіндегі жүргізілген ихтиологиялық зерттеулеріне сәйкес Майбалық көлінен кәсіптік балықтардың тек 7 түрі ауланды: тыран, оңғақ, торта, сазан (тұқы), бозша мөңке, кәдімгі алабұға және таутан. Ғылыми аулау кезінде сандық қатынасы бойынша доминанттылық көрсеткен торта (36,4%), тыран (28,6%), бозша мөңке (21,1%) және кәдімгі алабұға (12,2%) балықтары болды. Көлде әдеттегі кездесетін түр оңғақ (1%) болса, саны аз ретінде сазан (0,3%) және таутан (0,3%) балықтары тіркелді. Ауланған кәсіптік балық түрлерінің аулаудағы үлесі 2-суретте көрсетілген.

Шортан балығы тек әуесқойлық балық аулаушылардың қармақтарында ғана тіркелді. Алтын мөңке аулауда мүлдем кездеспеді, алайда жергілікті балықшылар олардың Майбалық көлінде сирек кездесетінін мәлімдейді.

Төменде көлден ауланған кәсіптік балық түрлерінің қысқаша биологиялық сипаттамаларын келтіреміз.

Торта *Rutilus lacustris* – ғылыми аулауда стандартты ұзындығы 90-206 мм, салмағы 21-202 г аралығында ауытқыды. Ауланған даралардың жасы 1-5 жас арылығында болса, популяцияның басым бөлігін 1-2 жастағылары (87%) құрады. Фультон бойынша орташа қоңдылығы 2,21 болды (2-кесте).

Тыран – *Abramis brama* – саны бойынша тортадан кейінгі екінші орынды алады. Ауланған даралардың жастық диапазоны 2-8 жас аралықтарын құраса, олардың ішінде 2-4 жастағылардың пайыздық (27,3-17,8%) үлесі біршама жоғары көрсеткішке ие болды. Ұзындық қатары 146-312 мм, орташа 201 мм, салмақтық көрсеткіші 65-586 г, орташа 188 г сәйкес келді. Ұзындық-салмақтық көрсеткіштері бойынша өсуі қалыпты. Фультон бойынша жасына сәйкес қоңдылық мәндері 1,93-2,13 аралығында ауытқып, орташа 2,04 көрсетті (3-кесте).



2-сурет – 2021 жылы Майбалық көлінен ауланған кәсіптік балық түрлерінің % үлесі

2-кесте – Майбалық көлінен ауланған тортаның негізгі биологиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Жастық қатары	Ұзындығы (SL), мм		Салмағы (Q), г		Фультон орташа индексі	N	Үлесі %
	мин-макс	орташа	мин-макс	орташа			
1	90-109	104	21-34	25,5	2,26	39	36,45
2	109-139	122	25-57	39,5	2,18	54	50,47
3	148-168	158	64-115	87	2,19	9	8,41
4	172-190	183,6	109-151	129	2,07	3	2,80
5	197-206	201,5	181-202	191,5	2,34	2	1,87
Жалпы	90-206	122	21-202	44	2,21	107	100

3-кесте – Майбалық көлінен ауланған тыранның негізгі биологиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Жастық қатары	Ұзындығы (SL), мм		Салмағы (Q), г		Фультон орташа индексі	N	Үлесі %
	мин-макс	орташа	мин-макс	орташа			
2	146-173	159	65-99	80	1,99	23	27,38
3	159-189	173	87-125	108	2,07	17	20,24
4	182-212	197	126-185	160	2,09	15	17,86
5	202-224	218	199-260	220	2,13	9	10,71
6	240-275	256	265-389	333	1,98	11	13,10
7	268-292	280	397-491	437	2,00	8	9,52
8	312	312	586	586	1,93	1	1,19
Жалпы	146-312	201	65-586	188	2,04	84	100

Бозша мөңке *Carassius gibelio* – ауланған даралардың стандартты ұзындығы 104-256 мм, салмағы 40-459 г аралығында ауытқыса, олардың орташа мәні 156 мм және 132 г сәйкес келді. Жастық құрамы 2-7 жас аралығында ауытқып, басым көпшілігін 3+ және 4+ жастағылары құрады. Фультон бойынша қоңдылық коэффициенті кіші жастағыларында жоғары, ал жастық қатары жоғарлаған сайын бұл көрсеткіш төмендейді. Популяциядағы қоңдылықтың орташа мәні 3,28 болды (4-кесте).

Кәдімгі алабұға *Perca fluviatilis* – ауланған даралардың жастық қатары 1-6 жас аралығын құраса, модальды жасты 3+ жастағылары, яғни олардың аулаудағы үлесі 33,3% құрады. Алабұғалардың ұзындық құрамы 101-213 мм, орташа 172 мм көрсетсе, салмақтық көрсеткіші сәйкесінше 25-220 г, орташа 117 г болды. Фультон коэффициенті 1,97-2,36 аралығында ауытқып, орташа 2,12 жуықтады (5-кесте).

Оңғақ *Tinca tinca* – Майбалық көліндегі саны аз кездесетін (1%) балықтың түрі. Ғылыми аулау кезінде 3+ жастағылардың биологиялық көрсеткіштері келесідей болды: SL 152-156 мм, Q 105-127 г, F 2,77-3,62.

4-кесте – Майбалық көлінен ауланған бозша мөңкенің негізгі биологиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Жастық қатары	Ұзындығы (SL), мм		Салмағы, г		Фультон орташа индексі	N	Үлесі %
	мин-макс	орташа	мин-макс	орташа			
2	104-108	106	40-47	45	3,64	2	3,23
3	109-141	125	52-99	69	3,50	23	37,10
4	148-184	169	101-215	155	3,18	29	46,77
5	186-212	193	168-263	212	2,94	6	9,68
6	226	226	319	319	2,76	1	1,61
7	256	256	459	459	2,74	1	1,61
Жалпы	104-256	155,5	40-459	132,4	3,28	62	100

5-кесте – Майбалық көлінен ауланған кәдімгі алабұғаның негізгі биологиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Жастық қатары	Ұзындығы (SL), мм		Салмағы, г		Фультон орташа индексі	N	Үлесі %
	мин-макс	орташа	мин-макс	орташа			
1	104-119	112	25-40	30	2,14	4	11,11
2	132-154	142,4	45-78	60,2	2,07	5	13,89
3	162-184	173	92-135	111	2,13	12	33,33
4	187-194	191	123-159	147	2,10	9	25,00
5	196-216	203	145-183	164	1,97	3	8,33
6	203-213	209	210-220	215	2,36	3	8,33
Жалпы	104-213	172	25-220	117	2,12	36	100

Тұқы *Cyprinus carpio* – жыл сайын Майбалық көліне тұқының 20 млн. шабақтарын балықтандырса да, ғылыми және әуесқойлық балық аулауда өте сирек кездеседі. 2021 жылы тек 1 данасы ұсталды, оның жасы 3+, ұзындығы 256 мм, салмағы 535 г және Фультон мәні 3,19 болды.

Таутан *Gymnocephalus cernua* – өте сирек кездеседі. Ауланған дараның жасы 3+, ұзынығы 109 мм, салмағы 37 г және Фультон бойынша қоңдылығы 2,86 сәйкес келді.

2021 жылы Майбалық көліндегі саны аз кездесетін балық түрлерінің биологиялық анализ мәліметтері 6-кестеде ұсынылған.

6-кесте – Майбалық көліндегі аз кездесетін балық түрлерінің биологиялық көрсеткіштері, маусым 2021 жыл

Балық түрлері	Ұзындығы (SL), мм	Салмағы (Q), г	Фультон коэффициенті (F)	Жасы
Оңғақ	153	105	2,93	3
Оңғақ	152	127	3,62	3
Оңғақ	156	105	2,77	3
Тұқы	256	535	3,19	3
Таутан	109	37	2,86	3

Майбалық көліндегі құрма аулардың анализі 3-суретте көрсетілген. Ұсынылған диаграммада Майбалық көліндегі саны көп кездесетін кәсіптік балық түрлерінің ау көздеріне (20-60 мм) сәйкес ғылыми стандартты ауларға түсуі мен олардың негізгі үлестері (60% жоғары) көрсетілген.



3-сурет – Майбалық көліндегі көп кездесетін кәсіптік балық түрлерінің құрма аулары бойынша ауланымы, 2021 жыл

Әртүрлі кәсіптік балықтардың өлшемдерін ескеретін болсақ, олардың кездесу жиілігі ауытқиды. 2021 жылғы мәліметтер бойынша біздің есептеулерімізге сәйкес Майбалық көлінде біршама жақсы ауланым тыран мен моңке балықтары үшін 30, 40 және 50 мм аулар болса, торта мен алабұға үшін 20-30 мм ауларға көбірек ауланатыны байқалды. Бұл анализдер арқылы Майбалық көліндегі кәсіптік балық түрлері популяцияларының кіші жастағы дараларының көптеп кездесуі және олардың ұзындық-салмақтық көрсеткіштерінің біршама төмен екендігін сипаттауға болады.

2021 маусым айында Майбалық көліне келген әуесқойлық балық аулаушылардың қармақ арқылы ауланған кәсіптік балықтардың түрлеріне және олардың аулау кезіндегі санына талдау жүргізілді. Анкеталық мәліметтер негізінде көлдің беткі акваториясы бойынша ауланған балық түрлеріне сәйкес, олардың кеңістіктегі таралуы сипатталды (4-сурет).

4-сурет сәйкес 2021 жылдың маусым айы бойынша Майбалық көліндегі кәсіптік балықтардың жоғары түрлік құрамы көлдің орталығында байқалады. Бұл аймақта кәсіптік балықтардың 6 түрі кездесті: торта, моңке, тыран, алабұға, оңғақ және шортан. Көлдің солтүстік-батыс бөлігінде көп кездесетін балықтың 4 түрі ауланса, шығыс, батыс және оңтүстік аймақтарында 3 түрдің, яғни торта, моңке және алабұға балықтарының таралуы анықталды. Алынған интерполяциялық мәлімет балықтардың тәуліктік және маусымдық динамикасына сәйкес өзгеруі мүмкін.



4-сурет – Майбалық көліндегі кездескен кәсіптік балық түрлерінің кеңістіктегі таралуы, 2021 жыл (әуесқойлық балық аулаушылардың мәліметтері бойынша жасалды)

Қорытынды

2021 жылы маусым айында Майбалық көліне құрылған ғылыми аулардың нәтижесіне сәйкес сандық мөлшері бойынша торта, тыран, мөңке және алабұға балықтары басым болса, ал оңғақ, тұқы және таутан балықтары аз кездесетін түрлер ретінде анықталды. Шортан балығы тек әуесқойлық балық аулаушылардың қармақтарында 1-2 данадан кездесіп отырды. Кәсіптік балықтардың жастық қатары тыранда 8+, бозша мөңкеде 7+, алабұғада 6+ және тортада 5+ жастан аспады және аулаудың басым бөлігін барлық түрлер бойынша 2-4 аралығындағы кіші жастағы даралары құрады. Ау көзі 20-30 мм болатын ауларға торта мен алабұға балықтары көп ауланса, 30-50 мм ауларға мөңке мен тыран балықтары басымдық көрсетті. Майбалық көліндегі кәсіптік балық түрлерінің көп шоғырлануы көлдің орталығында болатындығы байқалды. Алынған мәліметтер Майбалық көліне әуесқой балық аулаушыларды келуге және осы саланы дамытуға мүмкіндік береді.

Алғыс

Мақала авторлары әуесқой балықшылардан мәліметтер жинауға көмектескені үшін Астана және Ақмола облысының аңшылар мен балықшылар қоғамдық бірлестігі басқарма төрағасының міндетін атқарушы И.И. Мирончукке ризашылықтарын білдіреді.

Ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде AP09259969 «Солтүстік Қазақстан су қоймаларының экологиялық мониторингі» жобасы аясында жүргізілді.

Әдебиеттер

1. Такенов Ж., Панченко Н., Сарсембеков Т., Мирхашимов И., Дускаев К., Рябцев А., Кудайбергенулы К., Садомский В., Муртазин Е., Ни В., Тарнецкая О., Ерохов С., Жаксылыков И., Шикунов В., Дмитриев Л., Землянников А. Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии. – Алматы: ПРООН, 2004. – 132 с.

2. Тюменев С.Д. Водные ресурсы и водообеспеченность территории Казахстана //Алматы: КазНТУ. – 2008. – 267 с.

3. Садвакасов К.К., Тимирханов С.Р., Ли Д.В. Рекомендуемая схема региональной специализации товарного рыбоводства Казахстана //Вестник КазЭУ. – 2015. – №. 6. – С. 90-106.

4. Исбеков К.Б., Куликов Е.В., Асылбекова С.Ж. К вопросу зарыбления водоемов Казахстана качественным рыбопосадочным материалом ценных видов рыб //Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Рыбное хозяйство. – 2018. – №. 2. – С. 7-14. DOI: 10.24143/2073-5529-2018-2-7-14

5. Сыздыков К.Н., Куржикаев Ж.К., Нарбаев С.Н., Куанчалеев Ж.Б., Джаманбаев Т.Д., Марленов Э.Б., Жапарова А. Т. Рыбные ресурсы водоемов Акмолинской области на примере озер Жалтырколь, Кумколь //Актуальные вопросы сельскохозяйственных наук в современных условиях развития страны. – 2015. – С. 103-107.

6. Ахмединов С.Н. Состояние кормовой базы водоемов местного значения Акмолинской области //Наука среди нас. – 2018. – №. 7. – С. 25-31.

7. Aubakirova G., Adilbekov Z., Inirbayev A., Dzhamanbayev T. Fish Fauna and Assessment of Fish Safety in the Reservoirs of Akmola Region of Northern Kazakhstan //Pakistan Journal of Zoology. – 2019. – Т. 51. – №5. – С. 1919-1925. DOI: http://dx.doi.org/10.17582/journal.pjz/2019.51.5.1919.1925

8. Шуткараев А.В., Асылбекова А.С., Баринова Г.К. Состояние рыбных ресурсов озера Катарколь ГНПП «Бурабай» //Кронос. – 2020. – №. 10 (49). – С. 5-8.

9. Akbayeva L., Mamytova N., Beisenova R., Tazitdinova R., Abzhalelov A., Akhayeva, A. Studying the self-cleaning ability of water bodies and watercounts of Arshalyn district of Akmola region // Journal of Environmental Management & Tourism. – 2020. – Т. 11. – №. 5. – С. 1095-1104. DOI : https://doi.org/10.14505/jemt.v11.5(45).07

10. Майканов Б.С., Адильбеков Ж.Ш., Лидер Л.А., Аубакирова Г.А., Аутелеева Л.Т. Мониторинг безопасности рыбы водоемов Акмолинской области //Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). – 2022. – №1 (112). – С. 311-323. DOI: https://doi.org/10.51452/kazatu.2022.1(112).935

11. АТАМЕКЕН: Географиялық энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 648 бет. ISBN 9965-893-70-5

12. Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қазандағы № А-11/489 қаулысы https://adilet.zan.kz/rus/docs/V17B0006173

13. Баимбетов А.А., Тимирханов С.Р. Казахско-русский определитель рыбообразных и рыб Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 347 с.

14. Eschmeyer's Catalog of Fishes: Дата обращения: 04.12.2021. https://researcharchive.calacademy.org/research/ichthyology/catalog/fishcatmain.asp

15. Об утверждении Правил подготовки биологического обоснования на пользование животным миром (2014, апрель, 04). ИПС Әділет. Дата обращения: 12.11.2022. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009307

16. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. – М.: Пищевая промышленность, 1966. – 376 с.

17. Калайда М.Л., Говоркова Л.К. Методы рыбохозяйственных исследований: Учебное пособие. – СПб.: Проспект Науки, 2013. – 288 с.

18. Терещенко В. Г., Надиров С. Н. Формирование структуры рыбного населения предгорного водохранилища // Вопросы ихтиологии. – 1996. – Т. 36. – №2. – С. 169-178.

19. Лакин Г.Ф. Биометрия – М.: Высшая школа, 1990. – 352 с.

20. https://www.originlab.com. The data analysis and graphing software. Дата обращения: 15.03.2022.

21. QGIS Development Team, 2021. QGIS 3.22.1. Geographic InformationSystem. Open-Source Geospatial Foundation Project:http://qgis.osgeo.org. Дата обращения: 11.11.2021.

22. Акбаева Л.Х., Мурсалимова Т.Р., Тулегенов Е.А., Южалкин Д.С., Колесник Е.В. Гидрохимические характеристики и видовой состав планктона в озере Майбалык вблизи города Астана, Республика Казахстан // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Химия. – 2018. – Т. 10. – №. 3. – С. 16-23. DOI: 10.14529/chem180302

23. Utarbaeva A.Sh., Satybaldieva G.K., Bekpergenova Zh.B., Shupshibaev K.K., Aubakirova G.A., Zhanabergenov A.O., Krupa E.G., Aubakirova M.O., Sharakhmetov S.E., Sapargaliyeva N.S.. Ecological assessment of the state of water bodies in Northern Kazakhstan on the example of lake Maibalyk. Academics World International Conference, Prague, Czech Republic, September 21-22, 2022. – P. 15-19.

24. Рыбы Казахстана – Алма-Ата: Гылым, 1992. – Т. 5. – 462 с.

25. Асылбекова С.Ж. Акклиматизация рыб и водных беспозвоночных в водоемах Казахстана результаты и перспективы: дис. – Астрахан. гос. ун-т, 2017. – 348 с.

26. Горюнова А. И. Жизнь степных озер Казахстана. Естественная гибридизация рыб -форма внутрипопуляционной адаптации // Хабаршы. – 2012. – Т. 1. – №. 33. – С. 21.

References

1. Akbayeva L., Mamytova N., Beisenova R., Tazitdinova R., Abzhalelov A., Akhayeva, A. Studying the self-cleaning ability of water bodies and watercounts of Arshalyn district of Akmola region //Journal of Environmental Management & Tourism. – 2020. – T. 11. – №. 5. – S. 1095-1104. DOI : https://doi.org/10.14505/jemt.v11.5(45).07

2. ATAMEKEN: Geografiyalyқ enciklopediya. / Bas red. B.Ә.ZHaқyp. – Almaty: «Қazaқ enciklopediyasy», 2011. – 648 bet. ISBN 9965-893-70-5

3. Akbaeva L.H., Mursalimova T.R., Tulegenov E.A., YUzhalkin D.S., Kolesnik E.V. Gidrohimicheskie harakteristiki i vidovoj sostav planktona v ozere Majbalyk vblizi goroda Astana, Respublika Kazahstan //Vestnik YUzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Himiya. – 2018. – T. 10. – №. 3. – S. 16-23. DOI: 10.14529/chem180302

4. Asylbekova S.ZH. Akklimatizaciya ryb i vodnyh bespozvonochnyh v vodoemah Kazahstana rezul'taty i perspektivy: dis. – Astrahan. gos. un-t, 2017. - 348 c.

5. Ahmedinov S.N. Sostoyanie kormovoj bazy vodoemov mestnogo znacheniya Akmolinskoj oblasti //Nauka sredi nas. – 2018. – №. 7. – S. 25-31.

6. Aubakirova G., Adilbekov Z., Inirbayev A., Dzhamanbayev T. Fish Fauna and Assessment of Fish Safety in the Reservoirs of Akmola Region of Northern Kazakhstan //Pakistan Journal of Zoology. – 2019. – T. 51. – №. 5. – S. 1919-1925. DOI: http://dx.doi.org/10.17582/journal.pjz/2019.51.5.1919.1925

7. Baimbetov A.A., Timirhanov S.R. Kazahsko-russkij opredelitel' ryboobraznyh i ryb Kazahstana. – Almaty: Қazaқ universiteti, 1999. – 347 s.

8.Eschmeyer's Catalog of Fishes: Data obrashcheniya: 04.12.2021. https://researcharchive.calacademy.org/research/ichthyology/catalog/fishcatmain.asp

9. Goryunova A. I. ZHizn' stepnyh ozer Kazahstana. Estestvennaya gibridizaciya ryb -forma vnutripopulyacionnoj adaptacii // Habarshy. – 2012. – T. 1. – №. 33. – S. 21.

10. Isbekov K.B., Kulikov E.V., Asylbekova S.ZH. K voprosu zarybleniya vodoemov Kazahstana kachestvennym ryboposadochnym materialom cennyh vidov ryb //Vestnik Astrahanskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Seriya: Rybnoe hozyajstvo. – 2018. – №. 2. – S. 7-14. DOI: 10.24143/2073-5529-2018-2-7-14.

11.https://www.originlab.com. The data analysis and graphing software. Data obrashcheniya: 15.03.2022.

12. Kalajda M.L., Govorkova L.K. Metody rybohozyajstvennyh issledovanij: Uchebnoe posobie / - SPb: Prospekt Nauki, 2013. - 288 s.

13. Lakin G.F. Biometriya – M.: Vysshaya shkola, 1990. - 352 s.

14. Majkanov B.S., Adil'bekov ZH.SH., Lider L.A., Aubakirova G.A., Auteleeva L.T. Monitoring bezopasnosti ryby vodoemov Akmolinskoj oblasti //Vestnik nauki Kazahskogo agrotekhnicheskogo universiteta im. S.Sejfullina (mezhdisciplinarnyj). - 2022 -№1 (112). – S. 311-323. DOI: https://doi.org/10.51452/kazatu.2022.1(112).935

15. QGIS Development Team, 2021. QGIS 3.22.1. Geographic InformationSystem. Open-Source Geospatial Foundation Project:http://qgis.osgeo.org. Data obrashcheniya: 11.11.2021.

16. Ob utverzhdenii Pravil podgotovki biologicheskogo obosnovaniya na pol'zovanie zhivotnym mirom (2014, aprel', 04). IPS Ədilet. Data obrashcheniya: 12.11.2022. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009307

17. Pravdin I.F. Rukovodstvo po izucheniyu ryb. - M.: Pishchevaya promyshlennost', 1966. - 376 s.

18. Ryby Kazahstana – Alma-Ata: Gylym, 1992. - T. 5. – 462 s.

19. Syzdykov K.N., Kurzhikaev ZH.K., Narbaev S.N., Kuanchaleev ZH.B., Dzhamanbaev T.D., Marlenov E.B., ZHaparova A. T. Rybnye resursy vodoemov Akmolinskoj oblasti na primere ozer ZHaltyrkol', Kumkol' //Aktual'nye voprosy sel'skohozyajstvennyh nauk v sovremennyh usloviyah razvitiya strany. – 2015. – S. 103-107.

20. Shutkaraev A.V., Asylbekova A.S., Barinova G.K. Sostoyanie rybnyh resursov ozera Katarkol' GNPP «Burabaj» //Kronos. – 2020. – №. 10 (49). – S. 5-8.

21. Sadvakasov K.K., Timirhanov S.R., Li D.V. Rekomenduemaya skhema regional'noj specializacii tovarnogo rybovodstva Kazahstana //Vestnik KazEU. – 2015. – №. 6. – S. 90-106.

22. Takenov ZH., Panchenko N., Sarsembekov T., Mirhashimov I., Duskaev K., Ryabcev A., Kudajbergenuly K., Sadomskij V., Murtazin E., Ni V., Tarneckaya O., Erohov S., ZHaksylykov I., SHikunov V., Dmitriev L., Zemlyannikov A. Vodnye resursy Kazahstana v novom tysyacheletii. - Almaty: PROON, 2004. - 132 s.

23. Tereshchenko V. G., Nadirov S. N. Formirovanie struktury rybnogo naseleniya predgornogo vodohranilishcha //Voprosy ihtiologii. – 1996. – T. 36. – №. 2. – S. 169-178.

24. Tyumenev S.D. Vodnye resursy i vodoobespechennost' territorii Kazahstana //Almaty: KazNTU. – 2008. – 267 s.

25. Utarbaeva A.Sh., Satybaldieva G.K., Bekpergenova Zh.B., Shupshibaev K.K., Aubakirova G.A., Zhanabergenov A.O., Krupa E.G., Aubakirova M.O., Sharakhmetov S.E., Sapargaliyeva N.S.. Ecological assessment of the state of water bodies in Northern Kazakhstan on the example of lake Maibalyk. Academics World International Conference, Prague, Czech Republic, September 21-22, 2022. – p. 15-19.

26. Zhergilikti maңyzy bar balyқ sharuashylyғy su ajdyndarynyң tizbesin bekitu turaly Aқmola oblysy әkimdiginiң 2017 zhylғy 27 қazandaғy № A-11/489 қaulysy https://adilet.zan.kz/rus/docs/V17B0006173

МРНТИ 34.35.51. 34.35.17 https://doi.org/10.26577/eb.2022.v93.i4.012

Н.С. Сиханова

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда
e-mail: muhtasar_08@mail.ru

ГУСЕОБРАЗНЫЕ СИСТЕМЫ ОЗЕР ДЕЛЬТЫ СЫРДАРЬИ (на примере озера Картма)

В настоящее время наблюдается усиление антропогенной нагрузки на биоразнообразие озерной системы дельты Сырдарьи в аридных условиях казахстанской части Приаралья. Это способствует развитию ряда негативных процессов (трансформация компонентов природной среды, нарушение экологической, социально-экономической обстановки). В связи с этим возникает необходимость изучения реакции биоресурсов на наблюдаемое в регионе антропогенное воздействие. Назрела необходимость проведения комплексных исследований, направленных на изучение и оценку темпов изменения видового богатства и разнообразия в структуре фауны и флоры региона. Одним из индикаторов преобразования окружающей среды считается орнитофауна, в силу ее чувствительности к любым изменениям в природе. Количественный учет орнитофауны может служить надежным методом анализа иногда малозаметных оттенков изменений в составе орнитофауны. В результате исследований, проведенных в период с 2014 по 2021 г., на территории озерной системы дельты реки Сырдарья (опытный полигон: оз. Картма) выявлено 8 видов из 6 родов семейства Anatidae (Duck) отряда Anseriformes. Встречаются лебеди, гуси, утки (плескаются, ныряют). Проведен анализ экологической структуры фауны гусеобразных озера Картма и прилегающей территории. Классификация дана по месту обитания, гнездованию, характеру питания.

Ключевые слова: Аральское море, система озер дельты Сырдарьи, озеро Картма, орнитофауна, гусеобразные.

N.S. Sihanova

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda
e-mail: muhtasar_08@mail.ru

Anseriformes of lake systems of the Syrdarya Delta (on the example of Lake Kartma)

Currently, there is an increase in anthropogenic pressure on the biodiversity of the lake system of the Syrdarya Delta in the arid conditions of the Kazakh part of the Aral Sea region. This contributes to the development of a number of negative processes (transformation of components of the natural environment, violation of the ecological, socio-economic situation). In this regard, there is a need to study the reaction of biological resources to the anthropogenic impact observed in the region. There is a need to conduct comprehensive research aimed at studying and assessing the rate of change in species richness and diversity in the structure of the fauna and flora of the region. Avifauna is considered one of the indicators of environmental transformation, due to its sensitivity to any changes in nature. Quantitative accounting of avifauna can serve as a reliable method for analyzing sometimes subtle shades of changes in the composition of avifauna. As a result of the research conducted in the period from 2014 to 2021, on the territory of the lake system of the Syrdarya River delta (experimental ground: lake. Cartma) revealed 8 species from 6 genera of the family Anatidae (Ducks) of the order Geese. There are swans, geese, ducks (splashing, diving). The analysis of the ecological structure of the fauna of the goose-like Lake Kartma and the adjacent territory is carried out. The classification is given by habitat, nesting, and the nature of nutrition.

Key words: Aral Sea, Syrdarya Delta lake system, Kartma Lake, avifauna, geese.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Н.С. Сиханова
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.
e-mail: muhtasar_08@mail.ru

Сырдария өзенінің атырауындағы көлдер жүйесінің қазтұқымдастары (Кәртма көлі мысалында)

Қазіргі уақытта Арал өңірінің қазақстандық бөлігінің аридті жағдайларында Сырдария өзені атырауындағы көлдер жүйесінің биологиялық алуантүрлілігіне антропогендік жүктеменің күшеюі байқалады. Бұл бірқатар жағымсыз процестердің дамуына ықпал етеді, мысалы, табиғи орта компоненттерінің өзгеруі, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың бұзылуы. Осыған байланысты биоресурстардың аймақта байқалған антропогендік әсерге реакциясын зерттеу қажет. Аймақтың фаунасы мен флорасы құрылымындағы түрлердің байлығы мен әртүрлілігінің өзгеру қарқынын зерттеуге және бағалауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындады. Орнитофауна қоршаған ортаны түрлендірудің индикаторларының бірі болып саналады, өйткені оның табиғаттағы кез келген өзгерістерге сезімталдығы жоғары. Орнитофаунаны сандық есепке алу құстар фаунасының құрамындағы өзгерістердің кейде елеусіз реңктерін талдаудың сенімді әдісі бола алады. 2014-2021 жылдар аралығында Сырдария өзені атырауының көл жүйесі аумағында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде (тәжірибелік полигон: Картма көлі) Anseriformes отрядының Anatidae (Duck) тұқымдасының 6 ұрпағының 8 түрі анықталды. Зерттеу аумағында аққулар, қаздар, үйректер кездеседі (шашырау, сүңгуір). Картма көлі мен оған іргелес аумақтың Anseriformes фаунасының экологиялық құрылымына талдау жасалды. Жіктеу мекендеу орны, ұя салуы, тамақтану сипаты бойынша беріледі.

Түйін сөздер: Арал теңізі, Сырдария атырауының көлдер жүйесі, Картма көлі, орнитофауна, қазтұқымдастар.

Введение

Водно-болотные угодья являются важной средой обитания для биоты и играют очень важную роль в защите биоразнообразия, особенно редких и исчезающих видов [1-4]. Оценка текущего состояния биоразнообразия казахстанской части региона Приаралья, включая систему озер дельты реки Сырдарья и Северного Приаралья, является одной из фундаментальных задач реализации экологического проекта РРССАМ (Регулирование русла реки Сырдарья и Северного Аральского моря) [5-10]. В регионе было проведено несколько поэтапных исследований для изучения количественного и качественного состава растительности, животного мира (водных и наземных беспозвоночных, позвоночных) восстановленного водоема. Логическим завершением этих полевых работ стала публикация основных результатов [11-12]. Особого внимания заслуживают первые позвоночные с уникальной, специфической и не имеющей аналогов пространственной ориентацией в животном мире. В то же время почти все современные научные исследования орнитофауны региона Приаралья были начаты с целью регистрации биологического разнообразия на уровне классификации и таксономической единицы-класса. Проведенный обзор литературы выявил отсутствие данных по изучению количественного состава, экологии популяции представителей орнитофауны того или иного отряда. Следует отметить, что существует несколько научных работ автора, посвященных орнитофауне водно-болотных угодий региона – зуйковидным [13-14]. Никаких целенаправленных работ по изучению, например, птиц, имеющих биоресурсную ценность, в открытом доступе обнаружено не было. Кроме того, большая часть водного объекта озерной системы дельты реки Сырдарья, ответвляющейся от основной магистрали главного канала, остается в стороне от исследователей. Одним из примеров последнего является озеро Картма, расположенное в 25 км вверх по течению от устья реки Сырдарья, недалеко от гидроэлектростанции Аклак. Ввод в эксплуатацию гидротехнического сооружения Аклак (2010 г.) предоставил возможность обводнения ранее осушенных прибрежных левобережных и правобережных озерных систем дельты реки Сырдарья. Начался многогранный процесс восстановления биоразнообразия, который требует длительного и всестороннего изучения. Прибрежные озерные системы дельты реки Сырдарья не были предметом специальных орнитологических исследований. Эта работа была начата с целью анализа результатов экспедиционных поездок на озеро Картма, а также экологических и трофических характеристик орнитофауны.

Объект и методы исследования

